



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№52 (856) Сәрсенбі 27 желтоқсан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Садыр Жапаровты екі ел арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылғанына 20 жыл толуымен құттықтады.

– 2003 жылғы шарт қазақ-қырғыз қатынастарының дамуында жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. Біздің көпжақты мемлекетаралық байланыстарымызды тиімді ілгерілету үшін берік шарттық-құқықтық негіз қаланды. Барлық деңгейдегі белсенді саяси диалог, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың қарқынды дамуы, сондай-ақ екі елдің халықаралық аренадағы тығыз ықпалдастығы – соның айқын дәлелі, – деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен күш-жігердің арқасында Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастар одан әрі нығайтып, екіжақты ықпалдастықтың орасан зор әлеуеті бауырлас халықтардың игілігі үшін қызмет ете беретініне сенім білдірді.




ПРЕЗИДЕНТ САНКТ-ПЕТЕРБУРГ ҚАЛАСЫНА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына қатысу үшін Санкт-Петербург қаласына барды.

«Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің басшылары интеграциялық процестерді одан әрі дамытудың басты міндеттері мен негізгі бағыттарын талқылауды жоспарлап отыр» деп жазды Ақордадан.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті ТМД елдері басшыларының беіресіне қатысады.



ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ ӨТТІ

Жаңа жыл қарсаңында мерекені асыға күтетін балаларға арналған Президент шыршасын ұйымдастыру дәстүрге айналған. Бүгін өткен «Қош келдің, Жаңа жыл» атты Президент шыршасына аудандардан 200 бала шақырылды.

Шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшының бұйрықтарына арналған жаңа жылдық құттықтауын жеткізді. «Бүгін республикамыздың барлық аймағында Президент шыршасы өтуде. Мемлекет басшысы өз сөзінде «Мен өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт арттым. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек» – деді. 31 жыл бұрын бастау алған Қазақстан Республикасы Президентінің шыршасына осы уақытқа дейін біздің өңірден 4 мыңға жуық бала қатысты. Еліміздің басты шырша тойын мерекелеу үшін сіздер де облысымыздың әр ауылынан келдіңіздер. Бұл салтанатты шара – Президентіміздің өздеріңізге өскелең ұрпаққа көрсеткен құрметі», – деді аймақ басшысы. Шыршаға келген балалар ойын ойнап, ән шырқады, театрландырылған қойылым тамашалады және естелік сыйлық алды. Сондай-ақ, мейрам қонақтарына арнайы фотосессия ұйымдастырылды. Қызылорда облысында 280 мыңға жуық бала бар. Олар 680 балабақша және 325 мектепте білім мен тәрбие алады. Оқушылардың мектепке қатынасуына жақын, ыңғайлы болу



үшін биыл қаладағы 4 мектеп жанынан қосымша гимараттар салынды, 2 жаңа мектеп іске қосылды. Ел Президентінің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 21 мектеп салынады.

Дарынды балалардың талабын шыңдауға баса мән беріліп келеді. Биыл Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданында мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттар жұмысын бастады. Сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. «ҚазТерМұнай» компаниясының демеушілігімен

350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының іргетасы қаланды. Алдағы жылы Жанакорған және Шнелі аудандарында 200 орындық «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы басталады. Соңғы екі жылда үздік нәтиже көрсеткен оқушыларды олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындау мақсатында «Сыр дарыны» оқу-жаттығу жиыны ұйымдастырылуда. Лагерьде облыстың 1000-ға жуық дарынды оқушысы кәсіби мамандардың көмегімен білім жетілдірілді. Биыл 102 сирбайлық өрен халықаралық, республикалық дәрежедегі ғылыми жобалар мен олимпиадалардың жеңімпазы атанды. Облыстың пәндік олимпиадалық командасы жаратылыстану-математика бағыты бойынша командалық есепте республикада II орынды, қоғамдық-гуманитарлық бағытта III орынды иеленді. Балаларды әлеуметтік қолдау және қауіпсіз орта қалыптастыру да басты назарда. Аймақта бастауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен толық қамтылған. Көмекке мұқтаж отбасыларға қаржылай қолдау көрсету мақсатында 37 087 балаға 41 мың теңгеден барлығы 1,3 млрд теңгеге бірреттік қаражат берілді. Балаларды қауіпсіз, жайлы көлікпен тасымалдау үшін жаңа үлгідегі 30 автобус алынды.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ӘЛЕМІ – АНАЛАРМЕН ӘДЕМІ



«Анаға тағзым» орталығында «Жаңа жылдың әлемі – Аналармен әдемі!» атты мәдени-мерекелік шара өтті. Отбасылық құндылықтарды нығайтуды, еңбек адамдарының өнегелі өмірін дәріптеуді мақсат тұтқан мерекелік басқосуда өткен жылы өңірде атқарылған игі бастамаларға шолу жасалды. Сол жұмыстарға белсене араласып, еңбегімен ел құрметіне бөленген аналарға облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов ізгі тілегін арнап, құттықтау хат табыс етті.

– Жаңа жыл мерекесі құтты болсын, аяулы аналар! Өздеріңіз білесіздер, осы жылдың айтулы жаңалығының бірі – облыс әкімінің бастамасымен «Анаға тағзым» орталығы бой көтерді. Заманауи үлгідегі орталықта қыз-келиндердің, жас отбасылардың рухани тәлім алуына мүмкіндік жасалып, ұлы дала аналарының ізгі жолымен ұлттық құндылықтарымыз дәріптелуде, салт-дәстүрлеріміз жаңғыруда. Биылғы жылдың қазан айында Сыр еліне жасаған сапарында Мемлекет басшысы осы «Анаға тағзым» орталығының қызметімен танысып, оң бағасын берді.

Содан бері орталыққа келушілердің қатары азайған емес. Ақ жаулықты аналарымыз өзара тәжірибе алмасып, тағылымды іс-шаралар толасыз атқарылып келеді. Алдағы жылдың да аймақ тұрғындарына ұсынған жаңалықтары мол, – деді Ш.Байманов.

Жаңажылдық бағдарламаның басты қонақтары – шопан, сауыншы, хат тасушы, күрішші, тазалықшы, балықшы және аспаз секілді қарапайым еңбек адамдары. Қоғамның сан түрлі саласында жемісті қызмет етіп, аймағымыздың

өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген 20-ға жуық әйел-ана алғысқа кенеліп, мерекелік дастархан басында жаңажылдық бағдарламаны тамашалады.

Есіктен енгелі тұрған Ұлу жылының ерекшелігін айқындайтын шағын театрландырылған көріністен басталған мерекелік кеште аймақтың әр түкпірінен жиылған еңбек майдандарының өнегелі өмір жолы, іскерлігі мен жетістіктері насихатталды.

Жаңажылдық жиының құрметті қонағы – «Күміс алқа» иегері, сырдариялық Бейбіт Ұпалхожаева еселі еңбегімен, өнегелі ісімен көпке үлгі болған жасампаз жандарға, өскелең жастарға ақ батасын берді. Сондай-ақ, шалғай ауылдардан келген аналар да іс-шараны ұйымдастырушыларға риясыз алғыстарын білдірді. Жалпы, бүгінге дейін «Анаға тағзым» орталығында 175 шара ұйымдастырылып, 10 мыңға жуық облыс тұрғынына қызмет көрсетілді.

Мерекелік жиынға облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мира Қазбекова, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова қатысты.

ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTU – БАСТЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы 2021 жылғы Жолдауында Үкіметке алдағы бес жылда халықты 100 пайыз таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Соңғы екі жылда Қызылорда облысында тұрғындардың орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтылу көрсеткіші 98,1 пайызға жетті. Бүгінде аймақтағы 230 ауылдың 198-і ауыз су жүйесіне қосылған. Қалған 32 ауылда 8 мыңнан астам адам қоныстанған. 32 елді мекенге қатысты кезеңдік жоспар жасалып, жұмыстар жүргізілуде. Республикалық бюджеттен 8 елді мекенге су желісін тарту және жергілікті бюджеттен 24 елді мекенге су тұщытқыш қондырғылар орнату жоспарлануда.

Бұдан бөлек, осы жылы аймақты жаппай газдандыру бойынша жүйелі жұмыстар атқарылды. Шалғай орналасқан елді мекендерге газ желілері тартылып, табиғи газға қосылды. Осының нәтижесінде 12 ауылдық елді мекен, яғни 40 мыңнан астам тұрғынның газ мәселесі шешіліп, игілігін көрді. Осылайша, өңірде газбен қамту көрсеткіші 75 пайызға жетті. Сондай-ақ, осы жылы 26 газбен жабдықтау жобасына 9,3 млрд теңге бөлінді.

Келер жылы 4 млрд теңгеге 12 елді мекен көгілдір отынға қосылып, газдандырылу деңгейі 78 пайызға жеткізіледі.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;
8-7716933181.



5 ЕЛДІ МЕКЕН ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған, Шиелі аудандарына жұмыс сапарымен барып, 5 елді мекенді табиғи газға қосу рәсіміне қатысты.

Алдымен аймақ басшысы Шиелі ауданының «Еңбекші», «Жиделарық» ауылдарының тұрғындарын Жаңа жыл мерекесімен және мереке қарсаңында ауылдарға газ қосылу салтанатымен құттықтады.

Облысты газдандыру қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Қазір барлық аудан орталығы мен 4 қала (Арал, Қызылорда, Байқоңыр, Қазалы), 19 елді мекенге газ жеткізілген. Биыл 12 ауылдық елді мекенге тартылуда. Осылайша өңірде тұрғындарды газбен қамту көрсеткіші 75 пайызға жетеді. Биыл аудандағы 40 мыңнан астам тұрғын табиғи газ игілігіне кенеді. Аудандағы 6 елді мекен – «Еңбекші», «Жиделарық», Ө. Тәжібаев, «Алматы», Досбол дағқа, «Бестамға» газ тарту желілерін орнату үшін республикалық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлініп, құрылысы жүргізілуде. Бүгін «Еңбекші» ауылының тұрғындары «көгілдір отын» жаға бастайды. Келер жылға қаралған 4 млрд теңгеге 12 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз етеміз. 2024 жылдың соңында газдандыру деңгейі 78 пайызға жетеді. Ауылдарыңызға

келген «көгілдір отын» көптің игілігіне айналып, тұрмыс сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайды жақсартуға оң әсер етеді деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Еңбек ардагері Сұлтанбек Оразымбетов жерлестерін құттықтап, жиналған қауымға бата берді.

Іс-шарада «Ауыл – ел бесігі» ұлттық жобасы аясында газ жүргізуге үлес қосқан азаматтар мен аудан ардагерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Рәсімнен кейін облыс әкімі газ қосылған үйді көріп, ізгі тілегін білдірді.

Мұнан бөлек, кеше Жаңақорған ауданындағы «Жайылма», «Шалқия», Құттықожа ауылдары да газға қосылып, тұрғындар қуанышы еселенді. Сәуір айында «Бірлік», «Қыраш» елді мекендеріне «көгілдір отын» кіргізілсе, келер жылға «Кейден», «Төменарық» елді мекендері жоспарланған. 2024 жылы 4 млрд теңгеге тағы 12 елді мекенге табиғи газ желілері орнатылмақ. Осылайша газдандыру деңгейі 78 пайызға жетеді.

ИНВЕТОРЛАРҒА ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «CNNP Rich Energy Corporation Limited» компаниясының өкілдерімен кездесіп, аймақ үшін маңызды инвестициялық жобалар туралы айтты. Аталған компания еліміз аумағында жаңартылатын энергия көздерін пайдаланып, электр энергиясын өндіру жобаларына қызығушылық танытып отыр.

Аймақ басшысы Сыр өңірінде баламалы энергия көздерін пайдалану мүмкіндігі мол екенін жеткізді.

Облысымыз географиялық орналасуы мен климаттық жағдайына байланысты күн және жел энергиясын өндіруде зор әлеуетке ие. Қоршаған ортаны қорғау және «жасыл экономика» бағытындағы перспективалық жобаларды ерқашан қолдаймыз. Мамандардың зерттеуінше, өңірімізде жылына 300-ден астам ашық, бұлтсыз күн болады. Аймақ географиялық жағынан да желді белдеуде орналасқан. Облыстағы күн ұзақтығы жылына 3000 сағатқа дейін және күн энергиясын дамытудың энергетикалық әлеуеті жылына 32 000 млрд кВт/сағ. ал жел энергиясы жылына 2 700 млрд кВт/сағ. құрайды. Бизнес ахуал мен инвестициялық әлеуетті жақсарту – аймақтың басым бағыттарының бірі, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мұнан бөлек, облыс әкімі инвесторларға қолайлы жағдай жасалып, Үкімет тарапынан ауқымды инвестициялық преференциялар ұсынылғанын, жаңа өндірістерді орналастыру үшін өңірде барлық қажетті инженерлік инфрақұрылымы жеткізілген арнайы 6 индустриялық аймақ жұмыс жасайтынын атап өтті.

Өз кезегінде «CNNP Rich Energy Corporation Limited» компаниясының өкілдері аймақ басшысына алғыс айтып, әріптестік орнатуға ниет білдірді.

Бүгінде облыс аумағында жиынтық қуаты 89 мегаватт болатын 9 күн электр станциясы жұмыс істейді. Оның үшеуі ірі, шетелдік инвесторлардың қатысуымен салынған. Атап айтқанда, Шиелі ауданында орналасқан қуаттылығы 50 мегаваттық қазақ-британ компаниясына тиесілі «Байқоңыр-Солар» күн



электр станциясы, Жалағаш ауданындағы француздық «Total Egen» компаниясына тиесілі қуаттылығы 28 мегаваттық күн электр станциясы, Жаңақорған ауданындағы «Nevel» компаниясына тиесілі қуаттылығы 10 мегаватт электр станциясы. Сондай-ақ Шиелі ауданында «Тесис» ЖШС күн электр станциясын салуды жоспарлауда. Қазір қажетті жер учаскесі бөлінген (80 га), жобаны 2025 жылы іске қоспақ.

Айта кетейік, тіркелген

капиталы 2,2 миллиард юаньды, яғни 310,1 млн АҚШ долларын құрайтын «China National Nuclear Corporation (CNNC)» және «China National Nuclear Power (CNNP)» платформасы таза энергетикалық жобаларды дамытуға, құрылысын салуға және пайдалануға маманданған.

Компания қызметінің негізгі бағыттарына жел, күн, су тегі энергиясы, геотермалдық энергия, жинақтау энергетикасы, зарядтау станциялары және т. б. кіреді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨРКЕНДЕУ ҮШІН АУЫЛДЫ ТҮЛЕТУ КЕРЕК

Жыл басынан бері біздің кәсіпорында тың жобалар жүзеге асырылып, жаңа бағыттағы жұмыстарды қолға алдық. Соның бірі – осы жылы қаламызда ерекше әрі әр түрлі сорттағы «Rice Shop» дүкенін аштық. Бұл дүкенде көптеген компанияның күріштері қолжетімді бағада тұрғындарға сатылады. Одан бөлек, біздің мекеме артаптандыру бағытындағы кәсіпорын болғаннан кейін картоп өнімін өндіруді қолға қойдық.

Осы бағытта Қазақстанда бірінші болып фри зауытын аштық. Қазіргі таңда жергілікті өнімге сұраныс жаман емес. Сондай-ақ, құс шаруашылығын дамыту мақсатында Бесарық елді мекенінде түйеқұс асырап, етті және жұмыртқасын өндіруге кірістік. Дегенмен, біздің

негізгі кәсібіміз – күріш өсіру болғандықтан жыл сайын егін көлемін қысқартпай, әр түрлі сорттағы дақылдарды егіп келеміз. Биыл өзімізде өндірілген күріштің 70 пайызы шет мемлекеттерге экспортталды.

Жалпы ауыл шаруашылығы саласы сабырлықты талап ететін, тәуекелді қажет ететін ауыр сала. Алайда мемлекеттік қолдаулардың арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеміз. Бұл саланы әрі қарай ілгерілету үшін кәсіби мамандарды даярлауымыз керек. Одан бөлек, Мемлекет басшысы ауылды дамыту бағытына ерекше ден қояды. Осы ретте биыл Бесарық елді мекені үздіктер қатарынан көрінді. Жалпы ауыл шаруашылығы өркендеу үшін ауылды түлетуге үлес қосуымыз керек деп есептеймін.

4 АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен аудандарда 4 дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсімі өтті. Түске дейін аймақ басшысы Шиелі ауданының «Талаптан», «Ақтоған» ауылдық округтеріндегі және нысандарды табыстау іс-шарасына қатысса, түстен кейін «Қарғалы» ауылдық округіне қарасты «Бұланбай» елді мекеніндегі амбулатория пайдалануға берілді.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын Жаңа жыл мерекесімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, медицина саласындағы атқарылған істер мен алдағы міндеттерге тоқталды.

Адамның басты байлығы – денсаулығы болғандықтан, елімізде, аймақта бұл саланың негізгі көрсеткіштерін, яғни, ұлт саулығын жақсартудың барлық мүмкіндігі қарастырылуда. Медицина мамандарының біліктілігін арттыру, ауруханаларды заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандыру назардан тыс қалмайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қоғам тұрақты дамуы үшін азаматтардың денсаулығы мықты болуы керек екенін үнемі айтып келеді. Медициналық қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету, денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту үшін кешенді шаралар қабылданду.

Президент бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынады. Биыл 15 жаңа, заманауи дәрігерлік амбулатория қызметін бастайды. Олардың 3-ін өткен аптада ашсақ, осы аптада 12-сін пайдалануға береміз. Ұлттық жоба аясында Шиеліде 8 дәрігерлік амбулатория салынады. Бұл – бірлігі мығым елдіміздің, еңбекпен еңсесін тіктеген азаматтардың арқасында біткен жұмыс, – деді Нұрлыбек

Машбекұлы.

Іс-шарада «Құрмет» орденінің иегері, меценат Сейітқали Алшынбаев жерлестерін құттықтап, ізгі тілек білдірді, еңбек ардагері Алпысбек Тәшімбет алғыс айтып, бата берді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болды.

Дәл осындай амбулатория Жаңақорған ауданының «Қаратөбе» ауылдық округінде де ашылды.

Биыл облыс бюджеті 57 пайызға өсіп, 609 млрд теңгеге жетті. Қаржының басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды. Оның ішінде медицина саласына 138 млрд 600 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын «Қан орталығы» жақын күндері пайдалануға беріледі. Оған қоса 9 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізіліп, 5 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылуда.

Жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 тесектік перинаталдық орталық, қалаға қарасты Досан елді мекенінде медициналық бекет, Жаңақорғандағы көпбейінді аудандық аурухана базасында балаларға арналған «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылмақ.

«ӨЗГЕНТТЕ» – ЖАҢА КЛУБ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған ауданының «Өзгент» ауылдық округіндегі 150 орындық клубтың ашылу салтанатына қатысты.

– Мәдениет – бұл ұлттың қуаты, рухани болмысы, ақыл-ойы, пайым-парасаты. Ел Президенті ауылдарды дамытуға баса мән беріп келеді. Мемлекеттің ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес елімізде мәдениет саласын дамытуға қажетті жағдайлар жасалуда. Өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен бағаланады. Еліміздің, туған жеріміздің атын әлемге танытып жүрген талай өнерпаздар ауылдан шыққан. Ауылдың мәдениет үйлерін, клубтарын бүгінгі заманның сұранысына сай жасау аса маңызды. Өздеріңіздің қатысуларыңызбен ашылғалы отырған 150 орындық жаңа мәдениет ошағы өскелең ұрпақты өнерге баулу орталығына айналады деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада қоғам қайраткері, қаржы саласының ардагері Қалқабек Әжібеков жерлестерін құттықтап, ауыл ардагері Құдайбергелен Базарбаев алғыс білдіріп, бата берді.

Жаңа клубтың ашылу рәсімінде бірқатар азамат облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Іс-шара соңында аймақ басшысы ауыл тұрғындарымен, ақсақалдармен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысын талқылады.

Биылғы жылы облыста төрт 150 орындық клуб жаңадан салынып пайдалануға берілуде. Соның ішінде «Ақжол» ауылында спорт кешені, «Жайылмада» 150 орындық клуб ашылса, Қызылорда қаласында отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүрді дәріптейтін «Анаға тағзым», «Отбасы» орталықтары қызметін бастады. 1000 орындық «Өнер орталығының» құрылысы жұмырда аяқталып, пайдалануға берілмек. Келер жылы 7 ауданда салтанат сарайы, кітапхана, музей, архив және жастар, ардагерлер мен аналар бас қосатын жанадан «Руханият» орталықтары салынады. Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз насихатталады.

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС – АЗАМАТТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ТЕТІГІ

Әлеуметтік сала – мемлекеттің ең маңызды әрі тиімді жүйесі қажет ететін маңызды салалардың бірі. Осыған орай, биыл жаңа Әлеуметтік кодекс жүйеге енгізілді. Жаңа құжат 5 бөлім, 19 тарау және 267 баптан тұрады. Бұл өз кезегінде қолданыстағы 50-ден астам заңнамалық өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мүмкіндік бермек.

Қызылорда облысына арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев БАҚ өкілдеріне арнайы дерекқорына арналады. Оны енгізудегі негізгі мақсат – барлық халықтың мемлекеттік қолдау жүйесіне қолжетімділігін қамтамасыз ету және әлеуметтік тәуекелдердің алдын алуға бағытталады. Екінші бөлім – мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасы.

Бұл бөлімде көп балалы отбасыларға арналған әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы жүйесін сақтауға және оның негізгі параметрлерін өзгертудің

мүмкіндік берілгенді.

Аталмыш кодекстің бірінші бөлімі – отбасының цифрлық картасы немесе еліміздегі отбасылардың дербес дерекқорына арналады. Оны енгізудегі негізгі мақсат – барлық халықтың мемлекеттік қолдау жүйесіне қолжетімділігін қамтамасыз ету және әлеуметтік тәуекелдердің алдын алуға бағытталады. Екінші бөлім – мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасы.

Бұл бөлімде көп балалы отбасыларға арналған әлеуметтік қолдаудың қолданыстағы жүйесін сақтауға және оның негізгі параметрлерін өзгертудің


алғышарттары қарастырылады. Биыл көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері көбейтілді және олардың «Алтын» және «Күміс» алмамен наградталғаны үшін жаңа статус енгізілді. Тағы бір маңызды өзгеріс, 2025 жылдан

бастап атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін төменгі күнкөріс цифрлық картасы табыс есебінен анықталатын болады. Келесі үшінші бөлім – әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін трансформациялау деп аталады. Негізгі бағыты – мүгедектігі бар азаматтарға, оның ішінде елді мекендердегі азаматтарға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті арттыру. Тиісінше мүгедектігі бар адамдарға жәрдемдестіретін отбасы мүшелерін тарту қарастырылған. Бұл ретте отбасы мүшесі жеке көмекші немесе әлеуметтік қызметкер ретінде рәсімделеді.

Осы қызметке еңбекке қабілетті және осы кірістен әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы жарналары аударылады. Келесі бөлімде әлеуметтік сақтандыру және зейнетақы жүйелеріне қатысты бірнеше жүйе енгізілді.

Қазіргі сақтандыру жүйесінде әлеуметтік тәуекелдің 5 түрі сақтандырылады. Осыған сәйкес, азаматтардың сақтандыру компанияларында жинақталған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін ұлғайту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Енді зейнетақы жүйесіне тоқталсам, алдағы 5 жылда базалық зейнетақы мөлшері көбейтіледі, еңбек зейнетақысының көлемін есептеу үшін қолданылатын ең жоғары табыстың көлемі 46 дан 55 АЕК дейін артады.

Сонғы бөлімде халықты жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері қарастырылды, – деді вице-министр Олжас Темірбекұлы.



1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ЖӘРДЕМАҚЫ МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨСЕДІ

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың ұлғаяды. 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңда 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрін Ұлттық банк айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 7%-ға, ынтымалды зейнетақыны – 9%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға ілгерілен арттыру көзделген.

2024 жылы бюджеттен төленетін жиынтық зейнетақының орташа мөлшері (БЖЗК төлемдерін есептегенде) 130 414 теңге (2023 жылы – 120 838 теңге). Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-на дейін, ең жоғары – 120%-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төмен мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 60%-дан 65%-ға дейін ұлғайтылатын болады, бұл

28 215 теңге, ең жоғары мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 100-ден 105%-ға дейін арттырылып, 45 578 теңге болды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың ұлғаятынын бірнеше мысалы:

- 1, 2, 3 баланың тууына берілетін жәрдемақы 131 100 теңгеден 140 296 теңгеге дейін, 4 және одан да көп бала тууына берілетін жәрдемақы – 217 350 теңгеден 232 596 теңгеге дейін ұлғаяды;

- мөлшері балалар санына байланысты көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 55 304 теңгеден 59 183 теңгеге дейін,

10 баласы бар отбасылар үшін – 138 000 теңгеден 147 680 теңгеге дейін ұлғаяды;

- I топ мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 89 248 теңгеден 95 496 теңгеге дейін, II топ – 71 398 теңгеден 76 397 теңгеге дейін, III топ – 48 681 теңгеден 52 089 теңгеге дейін ұлғайтылады.

Сондай-ақ, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан асыраушысынан айырылу және еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша төлемдер 7%-ға ұлғайтылады. Аталған төлемдер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға бюджеттен берілетін мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырады. Төлемдердің мөлшері жеке-жеке және мыналарға байланысты болады: соңғы 2 жылда МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыс, еңбекке қабілеттілігінен айырылу коэффициенттері, асырауындағы адамдар саны, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі және табысты алмастыру.

АЙЫППҰЛ КӨЛЕМІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Жаңа жылда отшашуға салынатын айыппұл көлемін Ішкі істер министрлігі жариялады. Ведомство хабарлағандай, қоғамдық орындарда, балқондар мен пәтерлердің терезелердің жанында отшашу үшін айыппұл салынады. Көрішлердің тыныштығын бұзғаны үшін де айыппұл төлейсіз. Мұндай жағдайда ақшалай жаза мен қатар, отшашу тәркіленді.



«Жұмыс күндері сағат 22:00-ден 09:00-ге дейін және демалыс және мереке күндері сағат 23:00-тен 10:00-ға дейін тыныштықты бұзғаны үшін 437-бапқа сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне 17250 теңге, коммерциялық ұйымдарға 69 000 теңге сомасында айыппұл салынады», - дейді ҚР ПІМ әкімшілік полиция комитеті департаментінің жетекшісі Асылбек Ыдырысов.

Ішкі істер мен Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлері 25 желтоқсанның бастап 3 қаңтарға дейін рейдтерге шығады. Сондай-ақ тәртіп сақшылары қазақстандықтардың қауіпсіздігі үшін пиротехникалық заттарды сатушылардан өнім сертификатын талап ету кергін ескертеді. Айтпақшы, заңсыз сауда үшін де әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

«196-бапқа сәйкес 86 250

теңге және әкімшілік құқық бұзушылық туралы 436-баб бойынша – елді мекендерде және отшашу үшін белгіленбеген жерлерде пиротехникалық бұйымдарды пайдаланғаны және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзғаны үшін пиротехникалық бұйымдар тәркіленіп, белгіленген тәртіппен 69 000 теңге мөлшерінде айыппұл салынады», - дейді

Асылбек Ыдырысов.

ДАУ МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ КЕЛУ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Арал аудандық сотында талап қоюшы Е.-ның жауапкер А.-дан баласы үш жасқа толғанша алимент өндіру туралы азаматтық ісі тараптардың медиация тәртібімен татуласуларына байланысты аяқталды. Талап қоюшы талабында, қазіргі уақытта жауапкермен бірге тұрмайтындығын, заңды некеден үш жасқа толмаған баласы барын, баланы бағып-күтумен айналысатындықтан еш жерде жұмыс істемейтіндігін, материалдық көмекке мұқтаж екенін, жауапкер өз еркімен көмек көрсетпейтінін мәлімдеп, баласы үш жасқа толғанша 20 айлық есептік көрсеткіш көлемінде алимент өндіріп беруді сұраған.

Істі сот талқылауына дайындау барысында, сотпен тараптарға олардың дауды медиация тәртібімен реттеу мүмкіндіктері мен құқықтары түсіндірілуі нәтижесінде, тараптардан азаматтық істі өздерінің қатысуынсыз қару туралы арыздар мен медиативтік келісімді бекіту туралы өтініштер түскен. Келісімнің шарттары бойынша жауапкер баласы үш жасқа толғанша ай сайын талап қоюшымен өз ара келісілген мөлшерде алимент төлеп тұруға міндеттенген. Сот ұйғарымымен келісім бекітіліп, іс өндірістен тоқтатылды.

Арал аудандық соты

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІНДЕ ТОҚТАТЫЛДЫ

Жаңақорған аудандық сотында сотталушы С.-ға қатысты Қазақстан Республикасы ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігінде қылмыстық іс қаралды. Сотталушы С. сауда орталығының ішінде орналасқан косметикалық әрлеу орнында ассистент болып жұмыс істеп жүріп, жұмыс орнында процедуралық бөлмені жинап жүріп, шкаф ішінде тұрған жәбірленуші Г.-ға тиесілі бірінші құны 100000 теңгеге құрайтын, екіншісінің құны 70000 теңге тұратын екі дана алтын жүзіктерін жасырын жымқырып, ұрлап оқиға орнынан бой тасалаған. Өзінің қылмыстық әрекетімен жәбірленушіге 170 000 теңге мүлкіктік зиян келтірген.

Сот талқылауында сотталушы С. өзінің кінәсін толық мойындап, қазіргі уақытта жәбірленушімен медиация тәртібімен татуласқанын, оған келтірілген залалды толық өтегенін, ол өзіне кешірім бергенін көрсетіп, өзін қылмыстық жауаптылықтан босатуды, қылмыстық істі тоқтатуды сұрады. Басты сот талқылауында тараптар істі медиация тәртібімен шешу мақсатында кәсіпші медиатор арқылы өзара ымыраға келіп, татуласып, келісімге келгендерін көрсетіп, келісімді сотқа ұсынды. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігі негізінде С. қылмыстық жауаптылықтан босатылып, қылмыстық іс тоқтатылды.

Жаңақорған аудандық соты

АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қазалы аудандық сотында азаматша С-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Азаматша С.-ның көмелеттік жасқа толмаған баласына қатысты тәрбиелеу жөніндегі ата-ана міндеттерін орындамауы салдарынан, көмелет жасына толмаған баласының қылмыстық

құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекет жасауына алып келген. Сот қаулысымен азаматша С. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 127-бабы 3- бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 48 300 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды.

Қазалы аудандық соты

АТЫС ҚАРУЫН ЗАҢСЫЗ ТАСЫМАЛДАҒАН

Қызылорда қаласының №2 сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 287-бабы 3-бөлігімен, 293-бабы 3-бөлігі 2-тармағында көзделген сотталушы А.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотталушы А. шалақ мылтық 16 калибрлі, екі ұңғылы, арнасы тегіс, аңшы мылтығының ұңғылары қолдан жасау тәсілімен кесіп қысқартып, шалақ мылтығы болып жасалған қаруды тауып алып, заңсыз иемденіп, тасымалдап, далалық жерге тығып, заңсыз сақтаған.

Осыдан кейін сотталушы А. сауда үйінде тергеумен анықталмаған белгісіз адамдармен сөзге келіп ерегісіп, қарымта әрекет жасау ниеті туындап, төбелес орын алған сәтте шалақ мылтығын алып, автотұрақ аумағында өзімен бірге заңсыз алып жүрген. Өрі қарай да сотталушы А. атыс қаруын полиция органына өз еркімен тапсырмай, қайта жасырған.

Осыдан кейін, куә Ш.-ның қатысуымен жүргізілген тексеру нәтижесімен үй ауданында орналасқан сарайдың шатырында тұрған 16 калибрлі, екі ұңғылы, шалақ мылтығы анықталып, сараптама қорытындысымен атуға жарамды екендігі бекітілген.

Сотталушы А. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 287-бабы 3-бөлігімен, ҚК-нің 293-бабы 3-бөлігі 2)-тармағымен кінәлі деп танылып, түпкілікті 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалып, жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда жыл сайын 100 сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартылды.

Қызылорда қаласының №2 соты

ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАРҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Жаңақорған аудандық сотында Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 517-бабының 4-бөлігімен үш азаматқа қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Өзбекстан Республикасының 3 азаматын Жаңақорған кенті Құрманғазы көшесінің бойында тоқтатып тексеру барысында 2023 жылғы 10 қыркүйекте мемлекеттік шекара арқылы Қазақстан Республикасына кіріп ешқандай мекен-жайға тіркелмеген және заңда белгіленген мерзім он тәуліктен асса да республика аумағынан шықпай, халықтық көші қоны саласындағы заңнаманы бұзғандары анықталды.

Сотта Өзбекстан Республикасының азаматтары кінәларын мойындап, алдағы уақытта құжаттарын заңдастыратынын көрсетті. Сот қаулысымен аталған азаматтар Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 517-бабының 4-бөлігімен кінәлі деп танылып, оларға 60375 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Жаңақорған аудандық соты



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Садыр Жапаровты екі ел арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылғанына 20 жыл толуымен құттықтады.

– 2003 жылғы шарт қазақ-қырғыз қатынастарының дамуында жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. Біздің көпжақты мемлекетаралық байланыстарымызды тиімді ілгерілету үшін берік шарттық-құқықтық негіз қаланды. Барлық деңгейдегі белсенді саяси диалог, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың қарқынды дамуы, сондай-ақ екі елдің халықаралық аренадағы тығыз ықпалдастығы – соның айқын дәлелі, – деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен күш-жігердің арқасында Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастар одан әрі нығайтып, екіжақты ықпалдастықтың орасан зор әлеуеті бауырлас халықтардың игілігі үшін қызмет ете беретініне сенім білдірді.

ТҮРКІМЕНСТАН ЖАҢА ЖЫЛДЫ ТОЙЛАМАЙ МА?

Билік өкілдері бұған қатысты әлі түсіндірме берген жоқ. Бірақ Түркіменстанда балабақшалар мен мектептерде жанажылдық шаралар өткізілмейді, деп хабарлайды «Хроника Түркіменстан» сайты. Сондай-ақ, жергілікті жерлердегі әкімшілік ғимараттар мен кенселердің алдында шырыша орнатуға да рұқсат етілмеді. Биыл Түркіменстанда Жаңа жыл

қарсаңында діни тенденциялар күш алып тұр. Имамдар мешітке келушілерге «мұсылмандарға жат мерекені атап өтпеуді» уағыздауда, базарларда шошқа еті сатылымын шектеп, ал ведомстволық ғимараттар алдына орнатылған шырышалар, керісінше алынып тасталып жатыр. Дегенмен өткен жылы, керісінше, ғимараттың алдына, сондай-ақ ішіне де, яғни екі шырыша орнату тапсырылған. Осыған қарамастан Түркіменстан халқы, әдеттегідей Жаңа жылды қарсы алуға дайындалып жатыр. Саудагерлер полицейлердің өздеріне 31 желтоқсанда кешкі сағат 10-нан кейін алкоголь сатуға тыйым салынатынын ескерткенін айтып, шағымдануда.

ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ ТУЫ ҚАШАН ӨЗГЕРЕДІ?

Заң «Еркін-Тоо» газетінде жарияланған күннен бастап күшіне енеді. Жаңа туды ілген күннің өзінде қазіргі мемлекеттік рәмізге құрметпен қарау талабы күшінде қалады. Президенттің баспасөз хатшысы Асқат Алағөзов Садыр Жапаровтың туды өзгерту туралы заңға қол қойғанын еске салды. Заң «Еркін-Тоо» газетінде жарияланған күннен бастап күшіне енеді. Басылым келесі сейсенбіде жарыққа шығады.

«Министрлер кабинеті өз қаулысымен мемлекеттік тудың техникалық ерекшеліктерін бекітуі керек. Сол қаулының негізінде жаңа ту әзірленіп, ғимараттардағы рәміздер ауыстырылады. Яғни, бұл біраз уақытты алады», – деп түсіндірді Алағөзов.

Ол жаңа туды ілген күннің өзінде қазіргі мемлекеттік рәмізге құрметпен қарау талабы күшінде қалатынын айтты. Алағөзовтің айтуынша, бұл Жапаровтың нақты тапсырмасы.

ВАШИНГТОННАН БІРНЕШЕ КІТАП ТАБЫЛДЫ

Соның бірі – 1925 жылы Нью-Йорк баспасынан шыққан «Дала халықтары» кітабы болса, тағы екі туындыда казак ертегілері басылыпты.

«Болашақ» бағдарламасы арқылы АҚШ-та тағылымдамадан өтіп жатқан Дүйсенәлі Әлімақын қазақтар жайлы батыс зерттеулерін табуға мықтап кіріскен. Осы кезге дейін Вашингтондағы кітапханаларды түгел аралап мұрағаттарын қопарып шықты. Еңбек еш кетпеді. Тағы үш кітапты тізіміне қосты. Солардың бірі – жазушы және тарихшы Ральф Уинстон Фокстың 1925 жылы жарыққа шыққан «Дала халықтары» атты алғашқы зерттеу кітабы. Бұған дейін Батыс саяхатшылары ақ патшаның құйтұрқы саясатының ықпалында кетіп, қазақ пен қырғызды бір атумен жазып келсе, британиялық журналист өз

еңбегінде екі ұлтты шатастырмау қажетін түсіндіреді әрі сол кездегі қазақтардың қоғамдық тарихи саяси жағдайына кенінен тоқталады.

«1916 жылғы қазақтардың орыс патшалығына орыс үстемдігіне қарсы көтеріліс туралы жақсы ақпараттарды айтады. Олардың не үшін өз мекендерінен босып кеткенін айта келе мынадай суретті береді. Көшіп бара жатқан қазақтар шынайы бейнесі. Сосын Мәскеудің қысымы, қазақ жеріне басқа да көзқаралтушылықтар. Сондай тарихи. Фактілерді осы кітапта айтады», - дейді зерттеуші Дүйсенәлі Әлімақын.

Дүйсенәлі тапқан тағы екі кітапта казак ертегілері басылған. Мәселен, 1961 жылы жарық көрген «Әлем халықтарының ертегілері» антологиясына «Алдар көсенің сиқырлы тоны» атты ертегі еңсе, 1986 жылы ағылшын тіліне аударылған «Совет одағы, Орталық Азия және Қазақстан ертегілері» атты суретті кітапқа казактың «Сатып алған түс» атты ертегісі басылған. Соңғысына қылқалам шебері Мейдібай Әлінің арнайы салған суреттері қоса берілді.

«Бір Вашингтон қаласының кітапханаларынан осындай ондаған кітаптар табылды. Бәрі қазаққа қатысты деректер. Ал АҚШ-ғы басқа штаттардағы кітапханаларды ақтарса одан да мол деректер табылары сөзсіз. Себебі, батыс ғалымдарды бізді зерттеуді сонау арғы ғасырларда бастаған», - дейді зерттеуші Дүйсенәлі Әлімақын.

Батыс саяхатшылары 19 ғасырдан бастап белсенді түрде қазақ даласын шарлап, жан жақты зерттей бастаған. Оған дәлел осы Конгресс кітапханасының өзінде Түркістан өлкесі туралы 1876 және 1885 жылдары шыққан екі кітап бар. Орталық Азияға арнайы барлау мاسақтымен келіп, мағұлмат жинағандар да аз болмады. Сондықтан зерттеушінің пікірінше, мұндай туындылар көптеп табылса, қазақтың сол замандардағы қоғамдық тұрмыстық жағдайына қатысты шынайы әрі тың деректерге қол жеткізуге де болар еді.

ТЫНЫҚ МҰХИТЫНДА 5,7 БАЛДЫҚ ЖЕР СІЛКІНІСІ БОЛДЫ

Тынық мұхитта, Чилиге жақын маңда 5,7 балдық жер сілкінісі тіркелді. Бұл туралы Еуропа-Жерорта теңізі сейсмология орталығы мәлім етті. Эпицентрі Темуко қаласынан солтүстік-батысқа қарай 101 шақырым жерде, 238 мұң тұрғыны бар аумақта орналасқан. Жерасты дүмпуінің ошағы 19 шақырым тереңде жатыр. Цунами болу қаупі туралы ақпарат жоқ.

РЕСЕЙДЕ КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ЖАҢА ВАКЦИНА ШЫҚТЫ

Ресейде коронавирусқа қарсы жаңа вакцина тіркеліп, айналымға шығарылды. Препарат індеттің жаңа штамдарына қарсы иммунитет қалыптастыра алады дейді мамандар.

Жаңа вакцина соңғы штамдарға қарсы бірнеше жылға дейін адам ағзасында иммунитет сақтайды. Оны «Спутник-V» екпесін жасап шығарған Гамалея атындағы институт қызметкерлері әзірледі. Өйткені қазіргі қолданыстағы вакциналар ескі штамдарға қарсы бейімделген. Алдағы уақытта елде вакцинациялау жұмыстары қайтадан қолға алынбай.

«Әрине жаппай вакцинациялау талап етілмейді. Бірақ бірінші кезекте балалар иммунитеті төмен адамдар, созылмалы ауруы барлар екпе қабылдау тиіс» -дейді Геннадий Онищенко, дәрігер-инфекционист

Соңғы бір аптада коронавирус жұқтырғандардың саны 5 пайызға артып, наукас саны 10 мың адамға жукылады. 44 өңірде инфекция өршіген. Сондықтан енді кей өңірлерде қайтадан карантиндік шаралар қолға алынды. Яғни қоғамдық орындарда, адам көп жиналатын шараларда маска тағу міндетті.

ӨЗБЕКСТАНДА ТҰМАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІ ТІРКЕЛДІ

Өзбекстанда H3N2 атауымен белгілі гонконг тұмауының штамын жұқтыру дерегі тіркелді. Вирус жылдам таралса, пандемияға соқтыруы мүмкін деген қауіп бар.

Сала мамандары бұл індеттің алдын алу үшін күзде тұрғындарға 2,2 млн доза вакцина егілген дейді. Екпені негізін медицина қызметкерлері, мұғалімдер, балабақша тәрбиешілері мен жеткіншектер алған.

Соңғы аптада көрініс елде тұрғындардың жедел респираторлы вирустық инфекция жұқтыру дерегі едәуір төмендеген. Ессенің, «шошқа тұмауы» атанып кеткен H1N1 вирусын жұқтырудың жыл басынан бері 4 жағдайы анықталды.

«Зертханаларда жүргізілген талдау нәтижесіне сай, эзрге тұмаудың бұл түріне шалдыққан 4 адам бар. Олармен қарым қатынаста болғандар жеті тексеріліп, жағдайды қатаң бақылап отырыз. Арнайы мониторинг жүргізіп, індеттің таралуына тосқауыл қою шараларын қолға алдық», – делі Нұрмат Отабеков, Өзбекстан Республикасы ДСМ СЭС және қоғамдық денсаулық комитеті басшысының орынбасары.



25.12-31.12.2023

Токты

(21 наурыз-20 сәуір)

Бұл апта Токты белгісіндегілер үшін кейбір қателерді түзетуге жақсы уақыт. Жақындап келе жатқан Жаңа жыл сан ауан ойларды тудырады. Сіз болашақты ойлайсыз, жоспарлар жасайсыз. Осы аптаның соңғы кешін керемет өткізесіз.

**Торпақ**

(21 сәуір-20 мамыр)

Торпақ белгісіндегілер үшін бұл апта ой жүгірту уақыты болады. Осы демалыста біраз таңдау жасауға тура келеді. Бос және отбасылық мерекен кейін терең шоғырлану арқылы шешетін кәсіби мәселелерге тап боласыз.

**Егіздер**

(21 мамыр-21 маусым)

Егіздер үшін нағыз эмоцияның уақыты. Демалуды ұмытпаған дұрыс. Киындықтарды жеңуде табандылық танығыңыз. Жаңа жылды үмітпен қарсы алыңыз. Кейбір нәрселерге сырттан қарау пайдалы болады.

**Шаян**

(22 маусым-22 шілде)

Шаян белгісіндегілер осы аптада керемет көңіл-күйде болады. Жыл соңы өмірдің жаңа кезеңіне жағымды жаңалықтар әкеледі. Маңызды кездесуге немесе романтикалық кездесуге кешігіп қалмай, ертерек қам жасау керек.

**Арыстан**

(23 шілде-22 тамыз)

Арыстандар осы аптада денсаулығына қамқорлық жасауы керек. Дарумендерді, қоспаларды қабылдауды және суды ішуді ұмытпағаны жөн. Жаңа жылды басы ашық қарсы алу үшін дәрігерге қаралса зияны жоқ.

**Бикеш**

(23 тамыз-22 қыркүйек)

Бикештер өздерінің барлық таланттарын көрсетуге мүмкіндік алады. Кек пен түсініспеушілікті өткенге қалдырып, бүгінгі өмір сүріңіз. Жаңа жылды жақын отбасында қарсы алған дұрыс.

**Таразы**

(23 қыркүйек-22 қазан)

Таразылардың жыл соңында қағазға түсіретін ойлары бар. Жоғалған мүмкіндіктердің орнын толтыруға асықпаңыз, баяу болдыңыз деп өзіңізді кінәламаңыз. Жаңа жылды таза парактан бастап, мүлдем жаңа тарау ретінде қабылдаңыз.

**Сарышаян**

(23 қазан-21 қараша)

Жылдың соңы Сарышаян үшін оңай болмайды. Сіз өзіңізді қиын жағдайдан жеңіске жетуге мүмкіндік берген ерік пен міндетті күшімен шыға аласыз. Жаңа жыл түнін достарыңыз бен отбасыңыздың жақын және тыныш ортасында өткізіңіз.

**Мерген**

(22 қараша-21 желтоқсан)

Кейбір шешілмеген мәселе сізге қайта оралады, қажет ететін жаңа маңызды шешім болады. Өткен жылды қорытындылағанда, егжей-тегжейге назар аударыңыз. Ұмытылмас жаңа жылдық кеш көкжиектен көрініп тұр.

**Тауешкі**

(23 желтоқсан-19 қантар)

Махаббат қиындықтары күтіп тұр - белгілі бір адамның сізге деген ниеті бар-жоғын түсіну қиын болады. Өзіңізден сұраныңыз, сіз үшін үстірт сезімдер жеткілікті ме? Жексенбіде сіз келесі жылға жоспарыңызды бастайсыз.

**Сукүйгыш**

(20 қантар-18 ақпан)

Сукүйгыштар үшін сәттілік аптасы. Алға қойған жоспардың кез келгені сәтті болады. Жұмысыңызда сіз барлық қиындықтарды жеңіп, барлық мәселелерді шеше аласыз. Сүйіспеншілік қатынастарында үйлесімділік билік етеді.

**Балықтар**

(19 ақпан-20 наурыз)

Қателіктер үшін өзіңізді ұрып-соғудың орнына, сізді не ынтыландырды және келесі жылы неден аулақ болу керек екенін ойлаңыз. Сізге бас тарта алмайтын нәрсе ұсынылады және сіз жаңа жылға толық қанағаттану сезімімен кіресіз.



АҚША ҮНЕМДЕЙ ОТЫРЫП 2024 ЖЫЛҒА ҚАЛАЙ САҚТАНДЫРЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов МӘМС жүйесінде сақтандырылып үлгермеген азаматтар мүмкіндікті қалт жіберіп алмау керектігін айтады. Олар желтоқсан айының соңына дейін жарна төлесе, жаңа жылмен салыстырғанда 9 000 теңге кем төлейді.

2023 жылы ең төменгі жалақы мөлшері 70 000 теңгені құрайды, яғни дербес төлеушілер ай сайын 3 500 теңге жарна төлейді (1 ЕТЖ-ның 5%) - немесе жылына 42 000 теңге. Банкілер осы соманы ағымдағы жылдың соңына дейін алдағы 12 айға жарналар ретінде қабылдайды. 1 қантардан бастап ең төменгі жалақы 85 000 теңгеге дейін өсетіндіктен, бұл төлем 51 000 теңгеге дейін ұлғаяды.

«Сақтандыру мәртебесін алу үшін өткен немесе алдағы 12 айларға төлем болу керек. Екінші жағдайда төлеушілер алдағы жылға мәртебе алады. Яғни, қазір алдағы бір жылға сақтандырылу үшін 2023 жылдың қантарынан желтоқсанға дейінгі аралыққа жарналар төлеп шығу керек», - деді Бақыт Исмаханбетов.

Осылайша, 2023 жылдың желтоқсан айында сақтандырылған мәртебесін алған дербес төлеушілер 9 000 теңге үнемдей алады.



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті Қызылордалықтар!

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Әскери – техникалық мектебі» Тараз филиалы базасында өтеусіз негізде мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтарды оқуға шақырамыз.

11 сынып бітірген азаматтарды «ВС1С» санаттағы әскери жүргізушілерді даярлау бойынша оқуға шақырамыз.

Әрбір азамат оқу кезінде далалық киім-кешекпен, үш рет тамақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке міндетті түрде жөнелтіледі.

Сонымен қатар, әскери борышын өтеп болғаннан кейін мамандығымен келісімшарт

бойынша әскери қызметке орналасуға мүмкіншілігі, әсіресе Қызылорда қаласы маңындағы әскери бөлімдерге орналасуға болатынын жеткіземіз.

Денсаулық жағдайы бойынша жарамды, бойы 170 см төмен емес, жасы он сегіз жасқа толған және жиырма екі жасқа дейінгі әскерге шақырылушылар;

Қымыстық жауапкершілікке тартылмаған; Оқу мерзімі: үш ай

Ниет білдірген азаматтар төмендегі мекенжай бойынша, Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына 3.Шүкіров көшесі 101 А үй, №127 кабинет, 24-50-22 телефоны арқылы хабарласуыңызға болады.

Хабарландыру!

Қарулы Күштерінің бірінші жүйесін құрайтын қазіргі заманғы, саны жанынан жинақы, жақсы жабдықталған және жауынгерлік қабілеті жоғары Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері мен Радиозвезді және байланыс әскери-инженерлік институты және Қалат қорғанысы құрылды. Әскери оқу орындары әскерлердің кәсіби шеберлігін арттыру саясатын жалғастыруда. Сонымен бірге әскерлерді келісімшарт негізінде жасақтау, армияны қазіргі заманғы қару-жарақпен жаратқандыру одан әрі дамытылды.

Сонымен қатар, тағдырын армиямен байланыстыруға шешім қабылдаған азаматтар үшін қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасалатын болады.

Бүгінгі күні отандық әскери білім беру жүйесін Қорғаныс министрлігінің қарамағында әскери оқу орындары құрайды.

1. Алматы қаласында орналасқан Құрлық әскерлерінің Әскери институты;
2. Ақтөбе қаласында орналасқан Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты;
3. Алматы қаласында орналасқан Радиозвезді және байланыс әскери-инженерлік институты;
4. Ақмола облысы Щучинск қаласында

орналасқан Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжі.

ҰБТ мынадай жалпы білім беру пәндерінен жүргізіледі:

математика, физика – негізгі пән, қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілдері; кемінде 50 балл, оның ішінде математикадан сауаттылығы немесе математикадан кемінде 7 балл тестілеу нәтижесі бар үміткерлер келесі емтихан тапсыруға жіберіледі.

Әскери оқу орнын бітірген азамат лейтенант шенімен оқу бітірісімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне жөнелтіліп, әскери қызмет атқарады, яғни әскери мамандықты таңдаған азаматты жұмысыз қалдырмайды. Керісінше мүмкіндігінше үй-жаймен қамтамасыз етіп, барлық жағдайды жасайды.

Сондықтан қаламыздағы болашақ ел қорғайтын ер азаматтар Бауыржан ағаларымыздай жау жүрек батыр болғылары келсе, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін қызмет етуді мақсат тұтар болса, жергілікті жердегі Қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (военкоматқа) жолығулары сұраймыз.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесі 101 А. Байланыс телефондары: 24-50-22, № 127 кабинет

2024 жылғы I тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

Шиелі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 2023 жылғы « 20 » желтоқсандағы №_114_бұйрығына қосымша

2024 жылғы I тоқсанына Шиелі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бөлім басшысының және бөлім басшысы орынбасарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау жүргізу кестесі

p/c	Тегі аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Қабылдау мерзімі	Мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
1	Төлегенов Ағыбай Рүстемұлы	Бөлім басшысы	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М.Шоқай №53 №2 бөлме 4-44-36 Сенім телефоны 4-22-56
2	Бәйділдаев Бақытжан Әлиайдарұлы	Бөлім басшысының орынбасары	09:00-13:00 15:00-19:00	Күнделікті	Шиелі кенті, М.Шоқай №53 №9 бөлме 4-43-43 Сенім телефоны 4-22-56

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 132 МЫҢ ТҮРҒЫНЫ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН

Өңірде тұрғындардың 86% МӘМС жүйесінде сақтандырылған. 132 мыңға жуық адам толық көлемде медициналық көмек ала алмай отыр. Бұл туралы МӘМС мәселелері жөніндегі өңірлік штабтың жиынында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов мәлімдеді.

Облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен жиында өңір тұрғындарын МӘМС жүйесімен қамтудың өзекті мәселелері қаралды.

Сақтандырылмаған азаматтардың ең көп саны облыс орталығында, шамамен 57 мыңға жуық адам. Сондай-ақ, Қармақшы ауданында, Төретам, Ақай ауылдары және Байқоңыр қаласында МӘМС жүйесіндегі азаматтарды тарту деңгейі төмен. Барлығы 28 мыңға жуық тұрғын МӘМС жүйесінен тыс қалды, деп хабарлады Бақыт Исмаханбетов.

«Облыста 132 мыңнан астам сақтандырылмаған азамат бар, бұл облыс халқының 16,2 пайызын құрайды. Олардың басым бөлігі 12 ай бойы төлемі жоқ тұрғындар, сондай-ақ МӘМС жүйесіндегі жеңілдікті мәртебесінен айырылған азаматтар. Осыған байланысты Байқоңыр қаласында МӘМС мәселелері бойынша дербес жұмыс тобын құруды ұсына отырып, облыстың барлық елді мекендерінде МӘМС жүйесіне тарту бойынша жұмыстар тың серпін алу қажет», - деп атап өтті Бақыт Исмаханбетов.

Жиынды қорытындылай келе, облыс әкімінің орынбасары, өңірлік штабтың төрағасы Мейрамбек Шермағанбет қала, аудан, кент, елді мекен ауылдық округтерінің әкімдеріне әрбір тұрғынның МӘМС жүйесіне қосылуын барынша күшейтуді тапсырды.

ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 64,2 МЛРД ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2023 жылдың 1 желтоқсанға дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 64,2 млрд. теңге аударды, оның 39,1 млрд. теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 25,1 млрд. теңге - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, - деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҮРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №299

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/